



Автор: Аралбаева Баянды Аманбайқызы

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Тағам және сусын

Тақырып: Мектеп асханасы. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар.

Мектеп асханасы. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау. 1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау. 1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу. 1.3.7.1 Мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету. Барлық оқушылар :оқыған мәтіннің мазмұнын түсінеді, жетекші сұрақтар арқылы көрген әсерлерін әңгімелейді,мұғалімнің көмегімен сөздегі қатені түзей алады,оқиғаның ретін сақтай отырып баяндайды, тақырып мазмұны бойынша өзара ой бөліседі,сөздегі дауысты дыбыстарды табады, жуан және жіңішке дауыстыларды дұрыс дыбыстайды,жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап жазады. Оқушылардың көпшілігі : Сөздегі дауысты дыбыстардың жуан не жіңішке екенін ажырата алады, әріптерден бірнеше сөз құрай алады,дыбысты әріппен белгілеуді қолданады,сөйлемдегі сөздерді мағынасына қарай дұрыс орналастырады. Кейбір оқушылар : Мәтін ішіндегі сөйлемдердің қатесін түзеп,тексереді, сөздегі жуан дауысты дыбыстарды жіңішке дауысты дыбысқа айналдырып өзгертеді, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазады
--	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Дауысты және дауыссыз дыбыстар. «Асты ысырап етпеу – ізгіліктің үлкені» (08:45)	Оқушының зейінін шоғырландыру (Ұ) МТ «Жұмбақ жәшік » әдісі. Стол үстіндегі жәшікте майлық,қасық, тәрелке,шанышқы,кесе т.б заттарды саламын. Санамақ айту арқылы 1 оқушыны таңдаймын.Ол оқушы жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Оқушылар жасырып отырған затты сипаттамасына қарап табуы керек.Сол тапқан сөздің ішіндегі дауысты дыбыстарды атау керек. (Ұ) «Адасқан буындар» әдісі арқылы тақырыпты ашамыз. (Теп-мек ха-на-ас-сы) осы буындарды дұрыс құрау арқылы сабақтың тақырыбы анықталады. Бүгінгі сабақта мектеп асханасымен танысамыз. Мәтінді оқып, мәтін ішіндегі сөйлемдердің қатесін түзейміз,мәтін мазмұны бойынша өзара ой бөлісеміз,жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды дұрыс дыбыстапайтуды үйренеміз Оқушының жақын даму аймағын анықтау МТ Бүгінгісабақта: (мұғалімнің сыйы ретінде қима суреттер) Мәтіннің мазмұныбойынша өз ойымен бөлісіп, айта білген оқушыларға «шайдың» суретіМәтін ішіндегі сөйлемнен дауысты дыбыстарды тауып, жуан не жіңішкеекенін ажырата білген оқушыларға «сорпаның» суреті Сөздердегі жуан,дыбыстарды жіңішке дыбыстарға айналдыра білген оқушыларға «тәттібөліштің» суретін таратамын. «Асханаға саяхат» әдісі (Ұ) МТ Біз қазірмектеп асханасына саяхатқа шығамыз. (Асханаға саяхат кезінде оқушылар аспазшылармен өз қалаулары бойынша әңгіме жүргізеді) Сыныпқа келгенде: Асхана жұмысы туралы не білдік? Біз ол жерде тұтынушылар үшін қандай пайдалы нәрселер көрдіңдер? Асхана қызметкерлері үшін қандай пайдалы нәрселер көрдік? Ашық сұрақтар: Бала неге тәттіге құмар болады? Біз неге тамақ ішпей жүре алмаймыз? (Ұ) МК Тыңдалым Оқулықтағы суретке назар аудартып, мәтінді оқимын. Мәтін желісі бойынша сұрақтар қойып, мазмұндатамын. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырамын. Айтылым 1.Асханаға кірерде не істеу керек? 2.Түскі асқа қандай тағам аласың? 3.Өз мектебіңнің асханасы туралы айтып бер. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасау. Оқылым Тапсырма Мәтіннің бірінші сөйлеміндегі сөздерден дауысты дыбыстарды табу Дескриптор: -дауысты дыбысты ажыратады -жуан дауыстыны табады -жіңішке дауыстынытабады Тыңдалым. Аспазшы шеберлігі туралы қызықты ақпарат айтып беру. (Ұ) МК. Мұғалім жуан және жіңішке дауыстылар қатарын көрсетеді.Оқушылар дыбыстап айтады.Ерекшелігін айтады. «Көркем жазу минуты» әдісі (Ө) Жазылым Көркем жазуды ұйымдастыру, жұп болып қатесіз жазуды тексеру. Дескриптор: -Жазу жолын,жоларалық кеңістікті біледі -жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтайды -әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазады -қатесіз көшіреді МТ Ж. Ширату жаттығуы «Жұбыңды тап» ойыны Оқушыларды екі қатар боп тұрады.1-қатардағы оқушыларға жуан дауысты дыбыстарды таратамын. 2-қатардағы оқушыларға жіңішке дауысты дыбыстарды таратамын. Дауыстыларды «а-ә», «о-ө», «ұ-ү», «ы-і» деп айтқанда оқушылар жұптаса қалу керек.Сол дыбыстарға байланысты мектеп асханасында кездесетін бір сөз айту. Ө Барынша қолдауды қажет ететін оқушыларға: Сөйлемдердің қатесін түзеп, көшіріп жазу Дескриптор: -Сөйлемдерді оқиды -Қатесін табады -сөйлемді түзетіп, көшіреді Орташа қолдауды қажет ететін оқушыларға: Сандарға сәйкес сурет құрастырып,жуан айтылатын сөзді бірінші қатарға,жіңішке айтылатын сөздерді екінші қатарға жазу Дескриптор: -сандар мен суреттерді сәйкестендіреді -жуан айтылатын сөздерді жазады -жіңішке айтылатын сөздерді жазады Аз қолдауды қажет ететін оқушыларға: Жуан дауысты дыбыстарды жіңішке дауысты дыбысқа айналдырып жазу Дескриптор: -сөздерді оқиды -жуан дауыстыларды жіңішке дауысты дыбысқа айналдырады -сөздерді жазады ҚБ Тапсырма: Сызба бойынша берілген әріптерден сөздер құрап жазу. Бағалау критерийі: Әріптерден сөздер құрау Дескриптор: -сөз жасайды - жуан дауысты дыбысты табады -жіңішке дауысты дыбысты табады	Интербелсенді тақта 1-жаттығу. Оқулық,14 бет https://www. Google.kz (http://massaget.kz/(http://massaget.kz/ Дыбыстар қатары Дәптер,10 бет 2-жаттығу. Дәптер,11 бет Оқулық,14 бет 3-жаттығу Дәптер, 11 бет 3-жаттығу Оқулық,14 бет Қима суреттер
--	---	---